



**Қазақстан Республикасы азаматтық хал актілерді жазу органының қызметкерлерін аттестациялау туралы Ережесін және Орталық аттестациялық комиссия жөніндегі Ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің бұйрығымен бекітілген 1998 жылғы 9 сәуір N 280. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 29 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 505. Күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 4 қарашадағы N 325 (V043191) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің атқарушы өкімет органдарының және олардың ведомствоға қарасты кәсіпорындар мен мекемелердің мамандары мен басқарушы кадрларын құқықтық аттестациялау туралы 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 қаулысымен бекітілген Ережесін басшылыққа ала отырып,  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

азаматтық хал-актілерді жазу органдарының қызметкерлерін аттестациялау туралы және Орталық аттестациялық комиссия туралы ұсынылған Ережелер бекітілсін.

*Министр*

Қазақстан Республикасы  
Әділет Министрінің  
9 сәуір 1998 ж.

бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы азаматтық хал актілерін жазу органдарының қызметкерлерін аттестациядан өткізу туралы Ереже**

**1. Жалпы ереже**

1. Азаматтық хал актілерін жазу органдарының (бұдан әрі - АХАЖ) қызметкерлерін аттестациялау Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы N 2347 қаулысымен бекітілген "Атқарушы өкімет органдарының және олардың ведомствоға қарасты мекемелердің мамандары мен басқарушы кадрларын құқықтық аттестациялау туралы" Ережеге сәйкес ө т к і з і л е д і .

АХАЖ қызметкерлерін аттестациялау олардың біліктілік деңгейін бағалау мен соның негізінде атқаратын қызметіне сәйкестілігін анықтау мақсатында жү р г і з і л е д і .

2. АХАЖ қызметкерлерін аттестациялау үшін Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің бұйрығымен Орталық және Аймақтық аттестациялау комиссия құрылады.

3. Орталық аттестациялау комиссия Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен бекітілген Ереже негізінде әрекет ете отырып, аймақтық аттестациялық комиссияның шешіміне жасалған шағымдарды қарайды, аттестациялау күнінен бастап жыл ішінде дәлелді себептермен аймақтық аттестациялық комиссияға аттестациядан өтуге екі рет келмеген АХАЖ қызметкерлерін аттестациялайды, сондай-ақ АХАЖ қызметкерлерін аттестациялауға арналған сұрақтар тізімін бекітеді.

Аймақтық аттестациялық комиссияның мүшесі болып табылатын АХАЖ қызметкерлері осы Ережеге сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аймақтық комиссиясының төрағаларынан тұратын комиссия басталғанға дейін 10 күн ішінде аттестациялауға жатады.

АХАЖ қызметкерлерін аттестациялауға арналған сұрақтар тізімі Әділет министрлігімен мемлекеттік және орыс тілдерінде құрастырылады және аттестация басталардан кем дегенде 45 күн ішінде кешіктірілмей әділет басқармаларына жіберіледі.

Әділет басқармалары аттестациялауға арналған сұрақтар тізімін аттестациялауға жататын барлық АХАЖ қызметкерлеріне қол қойдырып, аттестация басталардан кем дегенде 30 күн ішінде тапсырады.

4. Аймақтық аттестациялық комиссия осы Ережеге сәйкес, тиісті облыстардың, Алматы қаласының және Астананың және АХАЖ қызметкерлерін аттестациялайды.

5. Аймақтық аттестациялық комиссия құрамында соттар және әділет органдары жүйесіндегі жоғары білікті заңгерлерден тұратын 5 адамнан құралады.

Аймақтық аттестациялық комиссия құрамына лауазымы және келісімі бойынша:

1) Әділет министрлігінің өкілі - аймақтық аттестациялық комиссияның төрағасы;

2) аймақтық әділет басқармасының бастығы;

3) облыстық соттың (келісімі бойынша) азаматтық істер жөніндегі алқам мүшесі;

4) сол аймақтық комиссияда аттестацияланбайтын әділет басқармасының АХАЖ бөлімінің бастығы - комиссия хатшысы;

5) әділет басқармасына тиісті АХАЖ бөлімінің бастығы;

6. Аттестациялауға жоғары, аяқталмаған жоғары және арнаулы орта білімі бар АХАЖ қызметкерлері, сондай-ақ кемі 1 жыл АХАЖ органында жұмыс істеген, жоғары заң білімін алып, АХАЖ органы жүйесінде жұмысты

жалғастырғысы келген қызметкерлер жатады.

Жоғары заң білімі барлар 5 жылға, басқа санаттағы қызметкерлер 2 жылға аттестацияланады.

Аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша аттестациялануға тек орта білімі барлар және жұмыс сапасы нашар, құқықтық мәдениеті және кәсіптік білім деңгейі төмен болғандықтан ұсынылған қызметкерлердің сынақтан өтуіне әділет басқармасының бастықтары қарсылық білдірген АХАЖ қызметкерлері жіберілмейді.

7. Аттестациялануға жүктілік және бала туу демалысында жүрген, бала күту немесе 3 жасқа жеткенше бала күту бойынша еңбекақы сақталмайтын қосымша демалыста жүрген әйелдер жатпайды. Бұл адамдар жұмысқа шыққан күннен кейін жарты жылдан ертерек аттестацияланады, жыл сайынғы демалыста немесе уақытша еңбекке жарамсыз болып қалу демалысында жүрген тұлғалар олардың жұмысқа шығуы бойынша бір ай ішінде аттестациялануға жатады.

АХАЖ органы қызметіне қайта тағайындалған қызметкерлер тағайындалғаннан кейін жыл толған соң аттестациялануға жатады.

8. Аттестацияның материалдарын Орталық және аймақтық комиссияға аумақтық әділет органдарының бастықтары тапсырады.

Аттестацияланушылардың материалдары аймақтық аттестациялық комиссиясына аттестация басталардан кем дегенде бір күн бұрын тапсырылады.

9. Орталық аттестациялық комиссиясының мәжіліс орны мен мерзімін Әділет Министрі белгілейді.

10. Орталық аттестациялық комиссияның ұйымдастырушылық техникалық қызметін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, ал аймақтық аттестациялық комиссияның қызметі аумақтық әділет басқармасына жүктеледі.

Әділет органдарының басшылары, аттестациялық комиссиясының төрағалары аттестациялауды жоғары ұйымдастырылған деңгейде, табандылық жағдайында, аттестацияланушылардың бағаларының әділдігін қатаң сақтауда жариялылық тұрғысында қамтамасыз етуге міндетті.

## **II. Аттестацияны өткізу мен дайындық тәртібі**

11. Аттестацияланушы АХАЖ қызметкерлеріне:

- 1) әділет басқармасы бастығының ұсынысы;
- 2) аттестацияланушының кәсіптік, іскерлік және адамгершілік қасиеттерін бағалайтын мазмұндағы қызметтік мінездемесі;
- 3) нотариалды куәландырылған білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) аттестацияланушының өз қолымен жазған өмірбаяны;
- 5) аттестацияланушының 3x4 см көлеміндегі суретімен бірге жеке іс парағы;
- 6) сотталғандығын тексеру нәтижесі бойынша құқықтық статистика және

ақпарат Орталығының анықтамасы;

7) тұратын жерінен берілген денсаулық жағдайы (нарколог, психиатр, фтизиатр, терапевт) туралы анықтама беріледі.

Ұсынылатын материалдарға аттестацияланушыға қатысты аттестацияланушының соңғы үш жылдағы тәртіптік жаза белгілеу және көтермелеу туралы бұйрықтардың көшірмесі, соңғы үш жылдағы кәсіпкерлік қызметін тексеру нәтижелері бойынша анықтамалардың көшірмесі, соңғы үш жылдағы атына түскен шағымдар туралы мәлімет және солар бойынша қабылданған әділет органы шешімдерінің көшірмелері қоса берілуі тиіс.

Аттестациялануға жататын АХАЖ қызметкері аттестация басталардан кем дегенде екі аптадан кешіктірілмей, ұсынылған мінездемемен және басқа материалдармен, сондай-ақ аттестацияның уақытымен және орнымен таныстырылуы тиіс.

12. Аттестация аттестацияланушыдан еркін нысандағы өтініш алуы бойынша аттестацияланушының таңдауымен мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Аттестациялық емтихан жазбаша нысанда қабылданады, жауаптар комиссия шешіміне қосып тіркеледі.

13. АХАЖ қызметкері аттестация емтиханы барысында нұсқаларға кіргізілген 10 сұрақтың 7-еуіне жауап берсе, аттестацияланды деп есептеледі.

Нұсқаға енген 10 сұрақтың ішінен 5 сұрақтан 7 сұраққа дейін дұрыс жауап берген қызметкерге хатшыдан басқа аттестациялық комиссия шешім қабылдағанға дейін қосымша сұрақтар қоя алады. Бұл жағдайда дұрыс жауап бермеген АХАЖ қызметкері аттестацияланбады деп есептеледі.

14. Аймақтық аттестациялық комиссияның мәжілісі оның мүшелерінің 4-еуі бар болса, өкілетті.

Комиссия мәжілісінде хаттама және мәжілістің өткізілу уақыты мен орны, аттестацияланушының тегі, аты, әкесінің аты, емтихан қорытындылары, аттестацияланушыға қойылған қосымша сұрақтар мен берген жауаптары көрсетілетін аттестация нәтижелері бойынша комиссия толтыратын аттестация парағы, сондай-ақ комиссия қабылдаған шешім жүргізіледі.

Шешім аттестацияланушы жоқ кезде комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік ол үшін дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс теңдігі кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Аттестациялық парақ және хаттамаға барлық комиссия құрамы қол қояды.

Аттестация қорытындылары аттестацияланушыға сол күні хабарланады. Аттестация парағы аттестацияланушының өз өтініші бойынша берілуі мүмкін.

15. Аймақтық аттестациялық комиссияның аттестациялық парағы хаттамадан бөлек рәсімделеді және мұнда комиссияның аттестацияланушы мен шешім

бойынша қорытындысы қамтылады:

- атқаратын қызметіне лайықты;

- атқаратын қызметіне жұмысын жақсартқан жағдайда және бір жылдан соң аттестациядан қайта өтуден комиссия кепілдемесін орындағанда лайықты;

- атқаратын қызметіне лайық емес, төмендетуге тағайындау немесе еңбек туралы заң нормаларына сәйкес азаматтық хал актілерін жазу органдарынан шығарып жіберуге жатады.

Тұжырымдар мен кепілдемелер аттестация мәтінінен шығуы және олар дәл, нақты, қысқа түрде жазылуы тиіс. Аймақтық аттестация комиссиясының аттестациялық парағы мен хаттамасы аттестацияланушының жеке іс парағына тіркеледі.

Аймақтық аттестациялық комиссиясы аттестацияланушы дәлелсіз немесе белгісіз себептермен қайта келмеген жағдайда, аттестация басталған күннен бастап алты ай ішінде "Аттестациялануға келмегеніне байланысты аттестациядан өткен жоқ" деген шешім қабылдайды.

Аттестацияланған қызметкерді төменгі қызмет дәрежесіне ауыстыру туралы, тағайындалған қызметінен босату немесе шығару туралы аймақтық аттестациялық комиссиясының тұжырымы аттестация басталған күннен бастап, кем дегенде бір ай ішінде жүзеге асырылуы тиіс. Көрсетілген мерзімнің бітуіне байланысты мұндай шешімдер қабылданбайды. Қызметкердің ауырған уақыты бұл бір ай мерзімге есептелмейді.

16. Аймақтық аттестациялық комиссияның шешіміне жасалған АХАЖ қызметкерін аттестацияламау туралы және өзге де негіздегі шағымы комиссия шешімінің көшірмесін алған күннен бастап он күн ішінде Орталық аттестациялық комиссияға жіберілуі мүмкін.

17. АХАЖ қызметкерлерін аттестациялау нәтижелері бойынша аймақтық және Орталық аттестация комиссиясының шешімдері әділет басқармасына аттестацияланған қызметкерді қайта тағайындау немесе аттестацияланбаған қызметкерді қызметтен босату туралы бұйрық шығарылған күннен бастап он күн ішінде жіберіледі.

18. Аймақтық аттестациялық комиссиясының шешімдеріне бақылау жасау аумақтық әділет басқармаларының бастықтарына жүктеледі.